

АЙТЖАН

Қайраулы қаламгер



© АЙТЖАН МҰРЗАНОВ

Қайбір жылы Қарасазда ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың сексен жылдық торқалы тойы дүркіреп өтті.

Сол тойға жазушыларға бөлген автобустардың бірімен біз де бардық. Тойдың негізгі бөлігі ертең өтеді, сол үшін қонуға дайындалып барғанбыз. Қарасазда қанша үй бар, соның бәріне қонақтарды арнайы тізім бойынша бөліп тастапты. Бізге де кеш бата кілең жақсылар жиналған сондай бір үй бұйырды. Үй иелері жаны қалмай күтіп жатыр. Жасы үлкеніміз – атақты «Елім-ай» трилогиясының авторы, жазушы Софы Сматаев аға. Бұрын-сонды араласып көрмеген соң ба, түр-түсі суықтау көрінетін Софы ағамыз сондай қарапайым, аса жайдары адам екен. дастарқан басында өзін өте көңілді ұстап, ә дегеннен әзіл-қалжыңға ерік бергенде, қараша үйдің ішінде ерекше жылылық пайда болып, ортамыз нұр самаладай жарқырап сала берді. Алдына келген қойдың басының құлақ-көзін, таңдай-тілін, құйқа-құйқасын әдемілеп үлестіріп, арамыздағы келіншектердің көңілін тауып үлгерген сері ағамыздың аузына қарайды бәрі. Небір әңгімелердің майын тамызып отырған ағамыз бірдеңені шұқылағаны болмаса, аузына түйір ас салмайды. Себебін өзі айтты. Асқазаны жоқ екен. Алдыртып тастапты. Оған қоса алты мәрте инфаркт пен екі рет инсульт алған. Адам аяйтын ауыр жағдай. Мұндай кеселмен адам ұзаққа бармауы керек. Өмір тәжірибесі солай. Біз солай ойлағанмен, сері ағамыз сыр білдірмейді. Қайта жанарында от ойнап, кеудесін шалқақ ұстап, оймақтай рөмкені қағып салудан қалыспай, жарқылдап отырған қайсар жанның рухының мықтылығын сонда көрдік.

Биыл Жазушылар одағында өткен әлдебір жиында Софы ағамыз маған «Мұңлы ойлар» атты жаңа шыққан кітабын қолтаңба жазып ұсынды. Қалың оқырманға арналған бұл кітабында ұлтының мүддесін ойлап, халқының қамын жеген автордың орамды ойлары жарияланған. Өзгенің көңіліне үңілгеннен, өз кеудесіне ғана үңілуді жөн деп тапқан. «Қараңғы түндердің қойнынан қылаңдаған қараңғы ойларымды ақ қағазға шимайлап сығыстыра беру. Базбіреу ерінбесе, оқыр. Базбіреу қажетсінсе, көкірегіне тоқыр. Қажет етпесе, ота қидалаған өзегімнің қанына малынып, өртеніп шыққан ойларым мынау жарық Жалғанның кеңістігіне сіңіп кетіп, әлдебір тылсым сырдың әсерімен Келешектің құлағына жетер де» дейді өзінің философиялық үзік-үзік ойларында. Бүгінгі қоғамдағы талай-талай кері құбылыстарды өткір сөзбен түйреп өткен. Көктемде осы «Мұңлы ойлар» кітабы одақтағы «деректі проза» кеңесінде талқыланып, Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Ол кеңеске мен де қатыстым. Жағымды пікірлер айтылып, қаламгерлер бірауыздан қолдау білдірді. Қоғамдағы кейбір келеңсіздікке қатысты ащылау айтқан ойлары жоғарыдағы біреулердің көңіліне тиіп қалмаса, бәйгеден қалайда келіп тұр, енді секретариаттың бекітуі, одан әрі ең жоғарыдағы комиссияның мақұлдауы қалды десіп, осы жолы мемсыйлықтың осы кісіге бұйыруына бәрі де шын тілеулес болды. Ал бала көңіл, дана мінез Софы ағамыздың өзі осы кеңес өтіп жатқан кезде тап бір мемсыйлықты қолына қазір ұстата салатындай, отырғандарды тағатсыздана үмітпен тосып жүргенін сыртқа шыққан соң білдік.

Софы ағамыздың мемсыйлықтың бәйгесіне түсуі бір бұл емес. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұдан отыз жылдан астам уақыт бұрын ұсынылған, одан кейін де бірнеше рет түскен, нақты саны есімде жоқ, әйтеуір бесеуден көп, соның бәрінде жолы кесілген. Қаламгерлік қауқары мен қарымы төмендер алдын әлденеше рет орап кеткен. Кезінде «Қазақстанның халық жазушысы» атағына ұсынылып, енді-енді алам деп жүргенде, ондай атак жарлықпен жойылып кеткен. Өкініш пе, өкініш! Әйтеуір мемсыйлық дегенде, төрдегі төрелер теріс қараған, алдындағы ағалары аяғынан шалған, соңындағы інілері ізетінен жаңылған. Басқа біреу болса, өмірдің мұндай ащы сынағынан күйреп түсері анық еді. Соның біріне де қарамастан, ағзаға түскен ауыр кеселге де мойымастан, ақтарыла еңбек

етіп, өршелене алға ұмтылып, құлшынған үстіне құлшынып жүрген оптимист жанға осындайда қалайша риза болмассың!

Софы аға – Сарыарқада туған асыл сүйекті адам. Атақты Қаз дауысты Қазыбектің шөбере інісі Кәрсон Аралбай батыр – жетінші атасы. Өз әкесі Қалыбек кезінде атақты Шашубай, Маясар ақындармен бірер ауыз өлеңмен қақтығысқан, сөздің туын биік ұстаған кісі екен. Сол жолы әкесі ырым етіп, баласы Софының аузына Шашубайға түкірткен екен. Осындай жақсылардың кіндігінен тараған, айтулы ақындардың ақ батасын алған ағамыздың от тілді, орақ ауызды шешен болып тумағы да, қалыптаспағы да хақ еді десек, қателесе қоймаймыз.

Түрлі-түрлі жанрда өнімді еңбек еткен Софы ағамыздың әдебиетке келуі де қызық. Мамандығы – инженер-металлург. Бұл мамандықты таңдауына ҚазМУ-да лекциясын құлшына тыңдап жүрген ұлы Мұхтар Әуезов бағыт-бағдар берген. Оқуын бітірген соң Мәскеу, Тула, Қарағанды металлургия зауыттарында еңбек еткен. Кейін қаламгерлік жолға түсіп, он шақты роман, оннан аса повесть, әлденеше пьеса, оншақты публицистикалық дастан, бірнеше киносценарий, оған қоса бес операның либреттосын жазады. Оның сыртында бірнеше әңгіме, қаншама мақала жазған. Осының ішінде «Елім-айы» – ғұмырлық негізгі кітабы. Оның бірінші кітабы баспаға 1970 жылы тапсырылып, күншіл «достарының» әрекет-арбауымен 1978 жылы әрең-әрең жарық көріпті. Софы аға – мінезді адам. Кешегі Желтоқсан көтерілісі кезінде шенеунікпін деп шікіреймей, халық жағына шыққан. Орталық партия комитетінде сектор меңгерушісі болып істеп жүргенінде Колбинмен қатты ұстасып, екі рет секретариаттың талқылауына түскен. Ғаббас аға Қабышев бұл жайлы былай деп жазады: «...Лауазымы жоғарылардың көбі кекшіл болады ғой, Камалиденовтің тілін алмаған Софыны келімсек «көсем» Колбин бір аптадан кейін шақырып алып, «ұлтаралық жағдайды жақсартуымыз керек» деген себеппен Ақтөбе облысына жұмсайды. «Денсаулығым сыр беріп жүр, жақын облыстардың біріне барайын» дегенін елемей, қасарысып: «Ақтөбеге баруың керек!» деп сызданады. Софы көнбейді. Жүйкесі онсыз да шабақталып жүрген Софы сол күні жүрек талмасына (инфрак) ұшырап, жедел жәрдеммен ауруханаға жеткізіліпті.

Арамза Колбин айдаған жағына жүрмеген «қыңыр Сматаевты» ауруханадан шығысымен қара мылтығының қарауылына қайтадан іледі. Арада бір апта өте бере Орталық комитеттің Үгіт-насихат бөлімі мен Мәдениет бөлімінің «мықтылары» «Софы Сматаев жолдас партия басшыларын тыңдамайды, міндетін дұрыс атқармайды, ұлтшылдық пиғылы басым» деп беталды кінә таққан жазбаша мәлімдеме жасап, оның тәртібі Орталық комитет хатшыларының мәжілісінде қаралатын болады. Мәжілісте әлгі «мықтылардың» баяндамаларынан кейін Колбин бірден: «Түсінікті болды, қане, Сматаев жолдасқа қандай жаза қолдану керек, айтыңыздар!» дейді қарақошқыл бетінің түгі көтеріліп. «Мықтылардың» мінгірі ызасын келтірген Софы түрегеледі де, олардың сөздерінде іліп алар ештеңе жоғын дәлелдеп береді. Сол жиында Орталық комитеттің екінші хатшысы болған, таяуда қайтыс болған Сағидолла Құбашев Софы ағамызды колбиндік жазадан қорғап қалыпты. Міне, бүгін тура мерейлі 75 жасқа толып отырған Софы аға Желтоқсанның қаһарлы ызғарында да, бүгінгі қоғамдағы саясаттың сан түрлі бұралаңында да арын сатпаған осындай текті адам!

Әлі де жалғастырып жатқан «Елім-айыңызды» аяқтаңыз, өлең өлкесінде өндірте жүзе беріңіз, қазақ әдебиетінің қара нары!

Төреғали Тәшенов